

секілді бастықтарын ұста деген өкіметтің қатты бұйрығы шыққан. Махамбет ел ішінде жүре алмайтын болған. Махамбеттің ақыры ұстауына көзі жеткен соң Байұлының адамдары, басы Үбі, Байнақ дегендер болып, Махамбетті зорлап, Баймағамбет сұлтанға алып барады. Баймағамбеттен өкіметке ұстап бермейтін қылып, ел ішінде жүре беруіне рұқсат алып береді. Билердің сөзін қабылдаған соң Баймағамбет батырды үйіне шақырып, танысады. Батыр үйге қару-жарағын тастамай кіреді. Баймағамбет батырдан: «бір-екі ауыз өлең айтыңыз?» деп өтініш қылады. Батырдың «менің сөзім сізге жақпас» дегеніне қарамастан сұлтан қайта-қайта сұрай береді. Сонда Махамбет Исатайды жақтап, Байекені боқтап, белгілі «Бай-

жазғандары «Махамбеттің балалары мен ұрпақтары» деген атаумен көзі жұмылған соң жарық көрген «Махамбеттің тағдыры» кітабына енді. Жинақты құрастырып, баспаға өзірлеген мен едім.

Махамбеттің руы – Жайық-Беріш, оның Күлмәлі бөлімі. Күлмәлінің бөйбішесінен – Шыбынтай мен Өтеміс, тоқалынан – Қобылабай мен Айтай.

Шыбынтай қызы дариған бай болса, Өтеміс ханның қабырғалы биінің бірі болады. Қобылабай шаруа баққан, жай ғана адам болған, Айтай жасында өлген. Өтеміс Құлманязов – старшының қызмет атқарған, өз ортасында беделді, аумақты адам болған. Өтеміс төрт өйел алған. Бірінші өйелінен – Тоқтамыс, екінші өйелі Алаша Сатыбалды қызы Қосуаннан – Бекма-

болып өскен. Махамбетпен бірге бір анадан туған Бекмағамбет Шыбынтай, Қобылабай балаларының отбасыларымен қосылып, Нарыннан Қызылқоға бетке көшіп өткен. Күлмәлі дейтін шағылдың етегінде Бекмағамбет қауымы бар. Бұдан Мөнша деген бір бала, оған Шапақ (Шалпар емес), Сақып.

Қожахметтің Муса деген ұлы 9 жасында Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысып, қажыған сарбалдарға үлкен қолғабыс еткен, тамақ дайындауға көмектескен. Бергінде дәулетті адам болған көрінді. Ал, қаторгілден қашып шыққан Ысымайыл (Махамбеттің інісі) Нарындағы Шыбынтай ауылына жетіп паналайды. Бірақ кейін әртүрлі өсек-аянмен қайтадан ұсталып, Орынборға айдалады. «Сен қашқындарды паналатқан-

ауданынан көшіп, өуелі Орынборға, кейініректе Башкұртстанға ауып кеткен. Сауғабайдан туған екі бала – Мырзалғи мен Шөкір сол тұста 10-12-лер шамасында десек, қазір енді тірі жүрсе 70-80-дерге келіп қалды деуге болар.

Махамбеттің ата-тегі мен ұрпақтары

Жайық-Беріштің Тумаш дейтін баласынан тарайтын Өмірзақтың «кімді баласы» атанған – Күлмәлі (шын аты Құлманяз болса тұра қалайша Күлмәлі болғаны түсініксіз.)

Күлмәліден – Шыбынтай, Өтеміс, Қобылабай (Беркайыр Аманшин жазғандай Қобылабай емес).

Шыбынтайдан – Тілес, Тілеміс, Байтілен, Байдәулет.

а) Тілестен – Ықылас, Иса, Уса (бұл екеуін Қажым Жұмалиев Өтемістен туған дейді) және Есжан.

Ықыластан – 7 бала: Майжан, Тасмағанбет, Мұханбет, Дәулетбай, Бисембай, Есболай, Бактыгерей.

Усадан – Меңдіғали, Мақұл.

Исадан – Құмар, Мұқат, Сейіт.

Есжаннан – Қарес. (Қареш).

б) Тілемістен – Айсә, Сүйінәлі, Дүйсебі, Жәмкә, Жақып. Айсәдан – Кереш, Сәлімгерей, Дәуіт, Шадиар, Керешпен – Мәден, Далабай. Мәденнен – Өтеген, Кеңежабай. Дүйсебінен – Арон, Жәке, Ишекен, Нуртаза, Мұстафа, Мұқаш. Ароннан – Зақария, Қазмағанбет. Зақариядан – Қошан, Құмар.

в) Байтіленнен – Дайыр, Жүсіп, Жаныш, Топаш.

г) Байдәулеттен – Досалы, Досмағанбет.

Өтеміс ұрпағы: Қожахмет, Ибраһим, Хасен, Махамбет, Бекмағамбет, Досымайыл, Әйіп, Сүлеймен, Тоқтамыс, Сымайыл (бұл кейде Ысымайыл болып, Ибраһим – Ыбырайым болып жазылып жүр, айтылуы да әрқалай).

Өтемістің бірінші өйелінен – Тоқтамыс.

Тоқтамыстан – Салық, бұдан – Сұлтануәлі.

Екінші өйелінен – Бекмағамбет, Махамбет, Қожахмет. Үшінші өйелінен – Сымайыл, Сүлеймен (екеуінен де ұрпақ жоқ).

Төртінші өйелінен – Ибраһим, Әйіп, Хасен, Досымайыл.

Өтемістің бұлардан басқа жалғыз қызы да болған дейтін өңгіме бар, бірақ ешбір жазбада ұшыраспайды. Ал, Махамбеттің туған інісі Қожахметтің шөбересі Қари Жұматов

өз шежіресінде: Махамбеттің қызы Сарыалаша руындағы Өлғазы, Қазыбай дегендердің ауылына келіп боп түскен, сонан туған Қаражан дейтін жиеніміз бар» дегенді айтады.

Қожахметтен 4 бала: Муса, Мейірім, Өкім, Лұқпан.

Мусадан – Қарабала, Есенғазы, Жұмағазы, Қоқаш.

Мейірімнен – Мырзағали, Мерғали.

Өкімнен – Жолмырза, Бинәлі, Арық.

Лұқпаннан – Жұмат (Қаридың өкесі).

Ибраһимнен –

Сұлтануәліс, Жансұлтан. Сұлтануәлістен – Құлжайыр, одан – Әміяң, Қазим.

Хасеннен – Әжей, Ислам, Аманғелді, Бақытжан.

Махамбеттен – Махмет, Нұрсұлтан.

Ақын өзінің бір өлеңінде:

Жалғыз ұлым – Махмет,

Бекетай құмның

ішінде

Жалғыз бір қалған со-

да бар, – деген ғой.

Беркайыр Аманшин «Махамбеттің балалары мен ұрпақтары» деген зерттеу еңбегінде Махмет (орысшада Махмут болып жүр) – баланың үлкені, Ұлтуған дейтін бөйбішесінен туған, көтеріліс басталғанда бұл жалғыз екені рас еді, кейін ақынның осы өйелінен Нұрсұлтан туды дейді. Тағы бір шежіреде: «Махмет соғыста өлді, одан қалған ұрпақ жоқ» деп көрсетілген. Ал, Бераған:

«Махметтен екі қыз қалды, соның бірі – Нұрбиені Адайдың Беймбет тармағынан тарайтын Мәдет-Мұнал руынан Есеттің Есболайы алған, сонан 1904 жылы Байғали туған» деп жазыпты. Осыны менің бір кезде Маңғыстаудың елге танымал бір қартынан сұрағанымда, «Мүмкін емес», – деген еді. Кімшік рәсмі өзірге анықтай алмаймын.

Нұрсұлтаннан – Сауғабай, одан – Мызалы, Шөкір.

Бекмағамбеттен – Мөнше, Шапақ (Берағанның Шалпар деуі қате).

Мөншенен – Сақып, одан – Зейнолла.

Шапақтан – Жоламан, одан – Еламан.

Досымайылдан – Есей, Дабыс. Есейден – Сағынғали.

Қабылабайдан – Әділ, Мақұл, Ахмет.

Әділден – Бисенғали, бұдан – Еркінғали, Дәулетқали, Айғали.

Мақұлдан – Тәубе, Боранбай.

Ахметтен – Серғазы, Сейтәлі, Есенөлі.

Махамбеттің екі өйелі болғаны білеміз. Ұлтуғаннан туған Махметтің екінші өйелі Тіпаннан туған деу қате. Себебі, Махмет Нұрсұлтаннан үлкен.

ӨТІР ЖОЛЫ

мағамбет сұлтанға» дейтін өлеңін оқиды. Сұлтанның қасында отырған жас төрелер батырдың сөзіне ашулансып, қыз бастағанда: «бұлай айтпаса Махамбет батыр бола ма, ал батырдың сөзін көтермесем, мен хан болам ба?!» – деп Байекен оларды тоқтатыпты-мыс...

Байекенен қайтқан соң Махамбет Оралдағы ағайындарының арасында жүреді. Өкіметке, хандарға қарсы елді азғыруын қоймаса керек. Бір күні үйіне бір топ адаммен досы Ықылас деген кісі келеді. Қонақ болып отырып, Ықылас Махамбеттің өз қылышымен басын кесіп алады. Ықыластың руы – Тама, Жабал бөлімінен, тұқымдары осы күнгі Орал уезінде, Вәли болысында. Ықыласты батырды өлтіруге жұмсаған Баймағамбет дейді-мыс. Батырдың басын апарып бергенде сұлтан Ықыласқа «Өлтір деп жіберген жок едім ғой, тірлігі ұстап өкел деп едім, басын алып кет» деп айтты-мыс.

Махамбет қырық екі (?) жасында 1845 жылы өлді. Сүйегі Ілбішін уезіндегі Дендер (Индер) деген жердің құнығыс жағындағы Қараой деген жерде. Бір жылдан соң Ықыластың көмген жерінен ағайындары Махамбеттің басын ұрлап өкеліп, денесімен бірге көмген.

Міне, құрметті оқырман, кім қалай зерттесе де, қалай жазса да еркінде ғой, ал Махамбет тағдырына байланысты шындық осы. Бергіндегі зерттеушілердің барлығы да осы Халел айтқан мазмуннан асып кете алмады. Солардың бірі «Махамбеттің тағдыры» атты роман жазған Беркайыр Аманшиннің зерттеу-мақаласы. Ол кісімен кезінде екеуіміз ұзақ жыл бірге жүріп, сырлас болдық, өзінің Махамбетке байланысты жазбаларын, өмірбаяндық нұсқаларын Қызылқоға ауданына қарасты Мұқыр дейтін жерде тұратын Қари Жұматов ақсақалдан жазып алдым деуші еді. Сол

ғамбет, Махамбет, Қожахмет, Ыбырайым, Әйіп, Хасен, үшінші өйелінен – Ысымайыл, Сүлеймен, төртінші өйелінен – Досымайыл туады. Ақынның:

Біз Өтемістен туған он едік, Онымыз атқа мінгенде – Жер қайысқан қол едік! – дейтіні осы. Сол өлеңінде ақын: «Біз бір енеден бір едік, бір енеден – екі едік, бір енеден үш едік, бір енеден – бес едік» деген ғой. Ендеше, Өтемістің және бір қызы болған деу расқа саяды.

Қажым Жұмалиевтің келтірген мәліметінде өлгі онның ішінде Тоқтамыс, Әйіп, Сүлеймен жок та, олардың орнында Уса, Иса, Муса дегендер жүр. Қажеке бұл шежірені Орал облысының Тайпақ ауданында тұратын Ерғалиев Құлбай деген ақсақалдан жазып алған. Ал, Құлбай кезінде өз ағасы Жағырлардан жазып алған екен, сонда қателік жеткен көрінеді. Шынында Уса, Иса, Муса Өтемістен тумаған.

Өтемістің бірінші өйелінен туған – Тоқтамыс баланың ең үлкені, өкесін іздеп барып, құнын өндіріп, Орынбор манынан өкесіне белді тұрғызған адам. Бұдан – Салық, 12-13 жасында Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысқан, 40 жылда шамасында қайтқан. Салықтан – Сұлтануәлі.

Екінші өйелден туған Қожахмет көтеріліс кезінде батыр сарбалдардың бірі болған. 1838 жылы 12 шілдеде Ақбұлақ бойындағы ұрыста қолға түскен. Мұның бірінші өйелінен – Муса, Мөрім, екінші өйелінен – Лұқпан, Өкім, Лұқпаннан – Жұмат, бұдан – Қари, Қарас, Сыдық, Жамиган, Нұрбай, Қаридан – Сифат, Мұхаметжан. Үшінші өйелден туған (Өтемістің) Ысымайыл, Сүлеймен – екеуінен де тұқым жоқ, соғыста қолға түскен, тағдырлары белгісіз. Төртінші өйелден туған Досымайыл – Өтемістің ең кеңжесі, соғысқа қатыспаған, бас пайдасына жетік, қулау

сын» деп айыпталып, өскери соттың үкімімен арқасына мың жарым дүре соғылғаннан кейін, Ригада 6 жыл қара жұмыс істеуге, одан соң Сюргре жер аударуға кесілді, 1838 жылы шілдеде этаппен бара жатқанда Сымайыл Қалдыбаев екеуі қарауылдың аттарына тартып мініп, қашып кұтылады. Берағана (Беркайыр Аманшин) берген Қари Жұматовтың дерегінде мынадай жолдар бар:

«Махамбеттің екі өйелі болған. Есімді Ұлтуған және Тіпан. Ұлтуғаны – руы Қылышкестен-Шеркеш, Манаш ауылынан да, Тіпаны – Алаша Кеңжеғаранның қызы. Тіпан Махамбеттен жастай қалған соң оны Тілемістің баласы Жеміл Шыбынтаев алған. Жемілден – Лұқпан туған, бұл кісі елінде сары Лұқпан, кейде кара Лұқпан атанған. Махамбеттің ұлы Нұрсұлтан, сіре Тіпаннан туған шығар, біздің елде оны жұрт Нұршеке дейтін. Ол менің 14-15 жасымда дүниесалды. Махамбет екі шешемізді де есейген, сақарған шағында алды. Нұрсұлтан мен секілді орта бойлы қара шал еді...

Махамбеттің қызын (аты белгісіз) Сары-Алаша Өлғазы, Қазыбай ауылы келін етті. Бергеректе өзі батұл, ері сайқымазаққа Қаражан дейтін жиеніміз болды...»

Нұрсұлтан, Қари ақсақал айтқандай, Тіпаннан емес, Ұлтуғаннан туған бала. Өйткені Махамбет ұлы Нұрсұлтанدى орысша оқуға қабылдауды сұрап, Шекара комиссиясына жазған (1845 жылы ақпан) арызында Нұрсұлтаннның жасы онда деп көрсеткен. Демек, ол көтерілістен бұрын, 1835 жылы Махамбет Нарында жүрген кезде туған. Айтұға қарағанда, Нұрсұлтан 1902-1903 жылдары шамасында қайтқан. Оның Сауғабай дейтін шаруа баққан, момын баласы болған. Ашаршылық жылдарының алдында Тайпақ

Дауылпаз ақын, жажүрек батыр, айтулы сазгер, жерім деп, жұртым деп зар еңреп, боздап өткен боздақ – Махамбет туралы қанша жазылса да көптік өтпейді. Ығлыман Шөреков, Халел Досмұхамедов, Қажым Жұмалиев, Беркайыр Аманшин, Ермұхан Бекмаханов, Жайық Бөктуров, Исатай Кенжалиев, Мұстажап Намазғалиев, Құлмат Өмірәлиев, Ханғали Сүйіншілиев, Қисмет Табылдиев, Мөтжан Тілеужанов, Өсет Ламашев, Никита Савичев, Александр Рязанов, Владимир Шахматов, Григорий Серварин, Александр Еврейнор, Мұстафа Ысмағұлов, М. Жолдыбайұлы, М. Әуезұлы, Ә. Қоңыратбайұлы, т.б. жазған мақала, кітаптар осының дәлелі болса керек.